

2021 – 2022 оқу жылындағы балалардың өзін - өзі басқару ұйымының жылдық жұмысының талдамасы

Мектебіміздің мектеп Парламенті өзін-өзі басқару ұйымының жұмыстары белсенді түрде жүргізілді.

Қазақстан Республикасының 30 жылдығына орай көптеген іс-шаралар өткізілді.

Мектеп Парламентінің мақсаты:

Балалар мен жастардың табысты әлеуметтенуі және өзін-өзі тиімді жүзеге асыруы үшін жағдай жасау, сондай-ақ туындайтын мәселелерді білім алушылардың өз бетінше шешуі үшін мүмкіндіктер жасау.

Парламент міндеттері:

- 1) білім алушылардың шығармашылық белсенділігін және өз бетінше әрекет етуін іске асыру;
- 2) білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, оның ішінде білім беру, әлеуметтік-тұрмыстық және олардың мүдделерін қозғайтын өзге де мәселелерді шешуге көмек көрсету болып табылады;
- 3) білім беру ұйымының басшылығына білім беру және ғылыми міндеттерді шешуде, білім алушылардың бос уақыты мен тұрмысын ұйымдастыруда, салауатты өмір салтын насихаттауда көмек көрсету;
- 4) білім беру ұйымдарына білім беру және тәрбие процесі шеңберінде өткізілетін іс-шараларға көмек көрсету;
- 5) білім беру ұйымының рухы мен дәстүрлеріне патриоттық қатынас жасауға, білім алушылардың санасын және олардың өз білім деңгейіне талап етуін арттыруға, мүлікке ұқыпты қарауға тәрбиелеуге бағытталған жұмыстар жүргізу;
- 6) білім алушыларды білім беру ұйымының қызметі туралы хабардар ету;
- 7) қазақстандық қоғамды дамытудың нақты күші және стратегиялық ресурсы ретінде балалар мен жастар туралы қоғамдық пікір қалыптастыруға қатысу;
- 8) балалар мен жастардың қоғамдық маңызы бар бастамаларын іске асыруға көмек көрсету болып табылады.
9. Білім беру ұйымдарында Парламент қызметі өңір мен білім беру ұйымының ерекшелігін ескере отырып айқындалатын басқа да міндеттерді шешуге бағытталған.

2021-2022 оқу жылының қыркүйек айында «Өзін-өзі басқару » ұйымының жылдық жоспары құрылды.

1.Парламенттің жобалау кеңсесі құрылды

2.Мектеп Парламенті президентін сайлау күні бекітілді

3.Оқу жылына жұмыс жоспары бекілді.

Қыркүйек айның 15 күні өзін өзі басқару ұйымының оқушылары арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Теректі негізгі мектебінде өзін-өзі басқару ұйымы белсенді мүшелерінің қатысуымен жылдық жоспарымен танысып, талқылау жүргізілді. Отырыс барысында ұйымның тұжырымдамасы мен бала құқығы туралы конвенциямен оқушыларды таныстыра отырып, жаңа оқу жылына жаңа басшыларды тағайындау жөнінде мәселелер қаралды.

□Күн тәртібінде:

- Өзін-өзі басқару ұйымының жылдық жоспарымен таныстыру;
- мектеп парламентінің президентін сайлау туралы;
-

Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының мақсаты: — қарым-қатынасты ізгіліктендіру; — ұжым өмірін жариялылыққа, еркіндікке негіздей отырып, оқушыларды қоғам мен мемлекетті басқару тетігіне дайындау Оқушылардың өзін-өзі басқару жүйесінің өзектілігі: — оқушылар әрекетінің еріктілігі, жариялылығы, тең құқылығы; — жалпы адами асыл құндылықтарды шынайы бағалауға бағыттау; — өзіндік шешім қабылдауға жағдай туғызу; — ұйымның өзге мүшелерінің пікіріне құлақ аса отырып ой бөлісу, өзгелер пікірін төселдіру.



https://www.instagram.com/reel/CiZViLXATjr/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

Қыркүйек айының 22 күні мектебімізде өзін-өзі басқару ұйымының төрағасы, яғни мектеп Президентінің сайлауы болып өтті. Президенттікке 5 оқушы өз кандидатураларын ұсынды. Атап айтар болсақ, 9-сыныптан Елеуханов Сағындық, Жұмашова Толғанай, 8-сыныптан Жайықова Торғын, Мендібаева Камила, Қайрошов Саят. Сайлау 3 кезеңде өтті. 1 кезең инстаграм әлеуметтік желісіне өз бағдарламаларын салып, көпшілікке таныстыру. Және 2 кезең үміткерлер арасында дебат өткізілді. Алдын ала арнайы дайындалған қазылар алдында 5 кандидат өз бағдарламаларын қорғай отыра, бір-біріне сұрақтарын қойды. Ең соңғы кезең 6-9 сынып оқушылары, мектеп мұғалімдері мен қызметкерлері 5 кандидаттың ішінен бағдарламасы ұнаған үміткерлерге дауыс беру болды. Сайлау қорытындысы бойынша 8-сынып оқушысы Қайрошов Саят жеңіске жетіп, мектеп Президенті болды.



https://www.instagram.com/p/CN2bobKgJGi/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

- "Мектеп парламенті" жобасында 8 фракция жұмыс жасайды. Және әр фракция төрағасы ретінде мектебіміздің белсенді 7-9 сынып оқушылары сайланды. Олар:
 - Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы (психология) –Тәжіғалиева Ләйлә
 - Қамқорлық фракциясы (еріктілік) – Тәжіғалиева Ұлданай,
 - Дебат қозғалысының фракциясы – Жұмашова Толғанай
 - Құқық және тәртіп фракциясы – Базаров Алтынбек
 - Ақпарат фракциясы – Жұмашова Ақерке
 - Спорт және салауатты өмір салты фракциясы – Елеуханов Сағындық
 - Мәдениет және өнер фракциясы (музыкалық, көркемшығармашылық) – Төлегенова Фатима
 - Экология және еңбек фракциясы – Досқазин Ғаламат

Құқық және тәртіп фракциясы

Құқық және тәртіп фракциясы бойынша 25.09.2021 жылы Құқық қорғау органдары қызметкерлерімен кездесу: «Менің құқығым – менің бағдарым» атты құқық бұзушылық кодексінің баптарымен таныстыру мақсатында мектеп инспекторының қатысуымен өзін өзі басқару ұйымымен кеңес өтті. Кеңес барысында оқушыларды қылмыстық, азаматтық, әкімшілік құқықбұзушылық құқықтарымен таныстырып, ұлдарға темекінің зияндығы, зорлық-зомбылықтың алдын алу сынды тәрбиелік-құқықтық кеңестер беріліп, оқушылар өз ой-пікірлерімен алмасты.



Теректі негізгі мектебі бойынша 7-9-сынып оқушылары арасында "Құқық бұзушылықтың алдын алу" тақырыбында әңгіме қозғалып, оқушылар өз пікірлерін ортаға салды.

Мақсаты: Оқушыларды жалпы құқық тәрбиесіне баулу.

Міндеті: Оқушының мектептегі құқық тәрбиесіне байланысты іс - шараларға қатыстыру.

Оқушы өз міндеттері мен құқықтарын мектепте меңгеру.

Жалпы құқық туралы ақпаратты меңгере білу.

Оқушының мектептегі құқық тәрбиесіне байланысты іс - шараларға қатыстыру.

Оқушы өз міндеттері мен құқықтарын мектепте меңгеру.

Жалпы құқық туралы ақпаратты меңгере білу.

Сыныптағы құқықтық тәртіпті қалыптастыру. Жолда жүру ережелері бойынша бастауыш сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстары жүргізілді



https://www.instagram.com/p/CVBQE6UgeFK/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNW FIZA==

Ақпарат фракциясы бойынша қазан айының 04-08.10.21ж аралығында ақпараттық бұрыш жасау бойынша «Оқулықты күтіп ұста» атты радиолинейкасы ұйымдастырылды.



Сонымен қатар «Үздік оқушы», «Жас спортшы», «Мектеп белсенділері»

«Өнерлі оқушы», «Қамқор оқушы» жарнамалары жасалды. Аптасына 1 рет «Менің ұстазым» тақырыбында жас блогерлер айдары ұйымдастырылды.

Ұстаздар күнін мерекелеу мақсатында мектеп парламенті, өзін-өзі басқару ұйымы 7-9 сыныптар арасында сауалнама жүргізді. Сауалнама нәтижелері бойынша ұстаздар келесі номинациялармен марапатталды. Атап айтқанда,

- 1. “Ең мейірімді ұстаз” номинациясымен Беисова Айгүл
- 2. “Ең белсенді ұстаз” номинациясымен Жалмұқанова Аяжан
- 3. “Ең парасатты ұстаз” номинациясымен Аяпбергенова Бақытнұр
- 4. “Ең өнерлі ұстаз” номинациясымен Досниязова Гүлбақыт
- 5. “Ең позитивті ұстаз” номинациясымен Досниязова Гүлбақыт
- 6. “Ең әдемі ұстаз” номинациясымен Қазыбаева Гүлім
- 7. “Ең қамқор ұстаз” номинациясымен Томина Меруерт

https://www.instagram.com/p/CGCxVSVg9z/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIOD BiNWFIZA==

Тілдер мерекесіне орай «Тіл мерейі –ел мерейі» атты сайыс өтті.



https://www.instagram.com/p/CGC1GOjgiRE/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFlZA==

Спорт және салауатты өмір салты фракциясы

Қазан айның 08-12.11.2021ж аралығында «Денсаулық – сенің байлығың» акциясы ұйымдастырылды. Акция барысында өзін-өзі басқару ұйымы белсене араласты. «Денсаулық-бұл спорт» атты тақырыбында стенді безендірді. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында кіші тоғызқұмалақтан сыныптар арасында турнир өтті.




Салауатты өмір салтын насихаттау бойынша таңғы жаттығулар жиі ұйымдастырылып тұрды. Қараша айның 19 күні фракция мүшелерімен «Мектеп денсаулық ортасы бола ала ма?» тақырыбында отырыс ұйымдастырылды. Отырыстың мақсаты: адамның өмір салты өздігінен қалыптаспайды, ал салауатты өмір салты өмір сүру барысында мақсатты түрде қалыптасады. Қазіргі мәліметтер бойынша денсаулық 53-55%-ға салауатты өмір салтына тәуелді болады. Бұдан салауатты өмір салтын ұстанудың қаншалықты маңызды екендігі айқын байқауға болатыны талқыланды.



Халықаралық қыздар күнінің онкүндік жоспарына сай 7-9-сынып оқушылары арасында "Кәмелетке толмаған қыз балалар арасындағы ерте жүктіліктің нәтижесі" атты тақырыбында әңгімелесу, бейнетаспадан көрініс өткізілді.

Жиналыстың мақсаты: Жас жеткіншектер арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу жастардың Адам тәрбиесі мен Қоғам тәрбиесіне байланысты көзқарастарын дұрыс қалыптастыра отырып, болашақта ұрпақ қамын, ұлт тағдырын ойлайтын қоғамның мүшесі болуларына жағдай жасау, ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында түсініктеме беру.

Ұрпақ тәрбиесіне байланысты ата – бабалар ілімдері туралы түсініктерін қалыптастыру. Отбасын құру мен бала тәрбиесіне байланысты жауапкершіліктерін арттыру. Жүрек тәрбиесі мен ақыл тәрбиесінің мән – мағынасын ашып көрсету.



https://www.instagram.com/p/CU0JN_ZgL7j/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

Сонымен қатар «Таза мектеп» атты акция ұйымдастырлды.

7-8-сынып оқушылары арасында "Менің әлемім сұлулық пен әдемілік әлемі" - атты класс сағаты өткізілді.



https://www.instagram.com/tv/CU982nSgknq/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

Халықаралық қыздар күніне орай 7-9-сынып оқушылары арасында "Қыз бала - ұлттың ұяты, халықтың шырайы" атты тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты:Қыздарға өнегелі тәрбие беру.



https://www.instagram.com/p/CU0H6Pl052x/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

▪Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы (психология)

Желтоқсан айның 12 күні «Менің обасым» тақырыбында презентация жарысы (7-9сыныптар)



«Мен армандайтын болашақ» 7-8 сынып оқушылары арасында психологиялық тренинг өтті.



Мектеп психологінің қатысуымен және фракция мүшелері арасында «Тәуелсіздік - ел тұғыры» тақырыбында 7-8 сынып оқушылар арасында донгелек устел отті.

☞Максаты: Оқушылардың Тәуелсіз еліміздің тарихын біліп, құрметтеп данқын асқартату.



https://www.instagram.com/p/CXU_AjFo-mu/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Өзін өзі басқару ұйымының ұйымдастырумен “Мейірім толы жүрек”тренинг өткізілді.

Мақсаты:Баланың бойына рухани-адамгершілік қасиеттерді ұялату, жақсы-жаманды ажырата білуге ,адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету.Бір-бірімен қарым-қатынастарын жақсарту,оларды адамгершілікке ,имандылыққа. шыншылдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.



Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «30 үздік көшбасшы» марапаттау рәсімі өтті.



Қамқорлық фракциясы (еріктілік)

Волонтерлік іс (лат. тілінен voluntarius — ерікті) – қызметтердің кең ауқымдылығы, ішіне өзара көмектің дәстүрлі пішіндерін және өзіне деген көмектің арттыруы болып келеді. Волонтерлікпен айналасатын адамдарды волонтер деп атайды. Олар ақысыз, ерікті қоғамдық жұмыс атқаратындарға жатады. Мектебіміздегі «Мейірім» волонтерлік ұйымының мүшелері осы уақытқа дейін ауыл тұрғындарына көмек көрсетіп келеді.



https://www.instagram.com/p/CUNBtZhgf2C/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

10-15.01.2022ж. Мектебімізде қоғамға қызмет еріктілер «Жомарт жүрек акциясы» аясында (волонтер) клубының мүшелері 7-9-сынып оқушылары мектеп ғимаратының қарын ашуға көмектесті.



https://www.instagram.com/p/CaB3c9CA6mX/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

24-28.12.2022ж. «Қайырымдылық - қайырлы іс» іс-шара тақырыбы бойынша " Ашық жүрек" волонтерлік клуб мүшелері Байманов Сүлеймен ағаның үйінің қарын шығарып, тазартып берді.

Оқушыларға алғыс білдіріп, болашақтарының жарқын болсын деп ақ батасын берді.



https://www.instagram.com/p/Ca-TRYbAowT/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

•Дебат қозғалысының фракциясы


Соңғы уақытта елімізде дебат ойындары қарқындау үстінде. Білім министрі Асхат Аймағамбетовтың айтуынша, дебат тек зияткерлік ойын емес, ол – сыни ойлау дағдыларын қалыптастырып, ақпаратты дұрыс талдауға, командамен бірлесіп жұмыс істеуге, сұрақ қойып, оларға нақты жауап беруге үйрететін білім беру технологиясы. Студенттер арасында ғана қолданылып келген дебат ойыны қазіргі кезде көпшілік қауымды қызықтыруда.

Жалпы, дебат – интеллектуалдық ойын. Негізгі мақсаты – тек сөйлеуді үйретіп қана қоймай, бәсекеге қабілетті жастарды қалыптастыру. Қазіргі күні дебат ойындары: Британдық Парламенттік форматта, Американдық Парламенттік форматында өтеді. Ойын кезінде қоғамдық-саяси, әлеуметтік, философиялық, білім беру саласындағы әртүрлі тақырыптар қозғалады. Қазіргі кезде дебат клубымызда 7-9 сыныптардан 15 оқушы. Аудан бойынша ең көп дебат ойнайтын оқушы біздің мектепте десек те болады. 9-сынып оқушылары Жұмашова Толғанай және Тәжіғалиева Ләйлә аудандық дебат ойындарынан алғыс атқа ие болып, мектепшілік ойындарға қатысып жүр. Сонымен қатар «Қоғамдық тәртіп негіздері» пікірталас, «Білім артық па, байлық артық па?» дебат, «Әлемде мейірімділік бар ма?» пікірталас, «Қазақстанның жастары қаншалықты патриот?» тақырыптары бойынша пікірталастар өткізілді.





Теректі негізгі мектебінде "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында 28 қаңтар күні "Ұшқыр ой алаңы" дебат турнирінің 7-9 сынып оқушылары арасында мектепшілік кезеңі өткізілді. Мектепшілік кезеннің қорытындысы бойынша аудандық кезеңге "Ашық алаң" клубының 9-сынып оқушыларынан құралған "Жігер" фракциясы жолдама алды.



https://www.instagram.com/p/CZQ-16XATf_/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

"Ұшқыр ой алаңы" жобасы аясында 7-9-сынып оқушылары арасында "Бұл палата Қазақстанда әр облыс пен ірі мегаполистер өз бюджетін тәуелсіз басқару керек деп есептейді" - атты тақырыбы бойынша мектепшілік дебат ұйымдастырылды.



Экология және еңбек фракциясы

11-15.04.2022ж. «Мен жасыл әлемді қолдаймын» мектеп парламенті сенбілік өткізді



Теректі негізгі мектебі бойынша жоспарға сәйкес «Өзін өзі басқару» парламенті ұйымының отырысы өткізілді. Жиналыста ағымдағы жоспарға сәйкес наурыз айында өтетін меркелік шаралар, мектеп формасы туралы айтылды.



Теректі негізгі мектебі бойынша Өзін-өзі басқару ұйымының волонтерлар клубы оқушылары және 3-сынып оқушысы Жұмашов Али "Құстарға қамқорлық жасау" атты тақырыбында көктемнің келуіне байланысты алғашқы келген құстарға арнап құс ұясын жасап орнатты.

Мақсаты: Оқушыларды құстарға қамқорлық жасауға, аялауға, жанашырлық қасиеттерге тәрбиелеу.



18-22.04.2022ж. 7-8-сынып оқушылары арасында тал егу акциясы өтті. Тал егу акциясы – өте маңызды іс екені сөзсіз. Тал – бейбітшілік нышаны, табиғаттың нәзіктілігі және оны қорғау қажеттілігін еске түсіретін белгі. Еккен талдар мектебіміздің экологиялық жай-күйін жақсартатыны да сөзсіз. Акцияға қатысқан оқушылар: «Бүгін еккен ағаштар тамыр тартатынына сенімдіміз. Алдағы уақытта жасыл желектің әсерінен ауа тазарып, қолайлы микроклимат қалыптасады», – деді.



https://www.instagram.com/p/CsQuEE5osyl/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Тал егу жұмысы арқылы болашақ ұрпаққа табиғат анаға, күллі жаратылысқа деген ықыласын оятып, адам баласының табиғатпен үйлесімді түрде дамитынын ұғындыру парыз. Қоршаған ортаның жақсаруына өз үлесін тигізу үшін акцияға Жас Қыран оқушылары мектебіміздің ауласы абаттанып, шырайын әрлендіре түсу үшін өз күштерін аямайтындарын атап өтті.

Мәдениет және өнер фракциясы (музыкалық, көркемшығармашылық

«Өнерлі өрге жүзер» атты тақырыбында мектепшілік фестивалінде мектебіміздің 7 және 9-сынып оқушыларынан құрылған «Жайдарлы жастар» командасы өнер көрсетті.

01-04.02.2022ж. "Балалар жылына" орай мектеп парламенті арасында жас балалар аралығында «BALA DAUYSY» байқауы өткізілді. Мақсаты: Еліміздің жарқын болашағы мен келешегі үшін оқушылардың дарыны мен қабілетінің артуына жол ашып, білімді де өнерлі ұл-қыздарын тәрбиелеу. Өнерге деген құштарлығын арттыру.



07-11.02.2022ж «Үкілі домбыра» сайысы өтті. Байқауға оқушылар белсене қатысып, жүлделі орынға ие болды.



«Біз өнерлі жастармыз!» флеш-моб

Флешмоб мақсаты – білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын, отбасылық дәстүрлерін сақтау, балалар шығармашылығын дәріптеу.

